

EAC

Canon

IXUS 155 IXUS 157
IXUS 150
IXUS 145 IXUS 147

**Сандық камераның
жұмысты бастау нұсқаулығы**

ҚАЗАҚША

CEL-SU8EA2Y0

Жеткізу жинағы

Пайдалануды бастамай тұрып жеткізілген камера жинағында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз.

Егер қандай да бір зат жоқ болса, камераны сатып алған жерге хабарласыңыз.



Камера



Батарея жинағы
NB-11LH/NB-11L



Батарея зарядтағыш
CB-2LFE



Білек бауы*



Сандық камераның жұмысты
бастау нұсқаулығы (осы нұсқаулық)



Кепілдік жүйесінің
жинақшасы

* Тіркеме нұсқауларын [Руководство пользователя камеры/Камераның пайдаланушы нұсқаулығы] нұсқаулығынан қараңыз. Жүктеу нұсқаулары үшін келесі бетті қараңыз.

• Жад картасы қосылмаған.

Қолдау көрсетілетін жад карталары

Жад картасы қосылмаған. Қажетінше картаның келесі түрлерінің біреуін сатып алыңыз. Сыйымдылығына қарамастан осы жад карталарын пайдалануға болады. Кадрлар саны және жад картасына түсіруге кететін уақыт туралы толық ақпаратты жүктеп алуға болатын [Руководство пользователя камеры/Камераның пайдаланушы нұсқаулығы] ішіндегі «Технические характеристики/Техникалық сипаттамалар» бөлімінен қараңыз.

- SD жад карталары*
- SDHC жад карталары*
- SDXC жад карталары*
- Eye-Fi карталары



* SD стандарттарына сай келетін карталар. Алайда, барлық жад карталарының бұл камерамен жұмысы тексерілмеген.

Eye-Fi карталары туралы

Бұл өнім Eye-Fi картасының барлық (соның ішінде сымсыз жіберу) функцияларын қолдай бермеуі мүмкін. Eye-Fi картасын пайдалануда қиындықтар болса, картаның өндірушісімен кеңесіңіз.

Сондай-ақ, көптеген елдерде немесе аймақтарда Eye-Fi карталарын пайдалану үшін рұқсат қажет екендігін ескеріңіз. Рұқсатсыз картаны пайдалануға рұқсат етілмейді. Бұл картаны пайдалану рұқсаты бар-жоқтығын білу үшін, картаның өндірушісімен кеңесіңіз.

Бұл нұсқаулықтағы келісімшарт

Бұл нұсқаулық түсіндірмелер үшін IXUS 155 суреттерін және экран суреттерін пайдаланады.

Нұсқаулықтар және бағдарламалық жасақтама

Нұсқаулықтар мен бағдарламалық жасақтаманы келесі URL мекенжайынан жүктеп алуыңызға болады.

<http://www.canon.com/icpd/>



- Интернетке қосылған компьютермен жоғарыдағы URL мекенжайына кіріңіз.
- Еліңізге немесе аймағыңызға арналған торапқа кіріңіз.
- Бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша нұсқауларды жүктеп алу үшін *[Руководство пользователя камеры/Камераның пайдаланушы нұсқаулығы]* қараңыз.

Нұсқаулықтарды көру үшін Adobe Reader бағдарламасы қажет.

[Руководство пользователя камеры/Камераның пайдаланушы нұсқаулығы]

Бұл нұсқаулық келесі тақырыптарды қамтиды:


- Бастапқы дайындаулардан бастап түсіру мен ойнатуға дейінгі негізгі нұсқаулар
- Бағдарламалық құралды орнату және суреттерді импорттау бойынша нұсқаулар
- Барлық камера мүмкіндіктері туралы басқа нұсқаулар

Бағдарламалық құралдың пайдалану нұсқаулығы

- Бұл нұсқаулық бағдарламалық құралды пайдалану жолын сипаттайды.


Алғашқы дайындық

Батарея жинағын зарядтау



1 Батарея жинағы салыңыз.



- Батарея жинағы мен зарядтау құрылғысындағы ▲ белгілерін келтіріп, батареяны ішіне қарай басып, (①) түсіріп салыңыз (②).



2 Батарея жинағы зарядтау.

- Қуат сымын зарядтағышқа қосып, одан кейін екінші ұшын қуат розеткасына қосыңыз.
- Зарядтау шамы қызғылт сары түсті болады және зарядтау басталады.
- Зарядталып болғанда, көрсеткіштің түсі жасылға ауысады. Батарея жинағы шығарыңыз.
- Зарядталу уақыты және толық зарядталған батарея жинағы түсірілетін кадрлар саны мен түсіру уақыты туралы толық ақпаратты жүктеп алуға болатын *[Руководство пользователя камеры/ Камераның пайдаланушы нұсқаулығы]* нұсқаулығының «Технические характеристики/Техникалық сипаттамалар» бөлімінен қараңыз.

Батарея жинағы және жад картасын салу



Терминалдар


Батарея бекіткіші

1 Қақпақты ашыңыз.


- Қақпақты сырғытып, (1) оны ашыңыз (2).

2 Батарея жинағы салыңыз.

- Батареяның бекіткішін көрсеткі бағытымен басып тұрып батарея жинағын көрсетілген бағытта салыңыз да, сырт етіп орнына түскенше басыңыз.
- Шығару үшін, батарея жинағы бекіткішін көрсеткі бағытымен басыңыз.



Заттаңба




3 Картада жазудан қорғау тілшесі бар екенін тексеріп, жад картасын салыңыз.

- Тілше құлыптау қалпында тұрса, жазудан қорғау тілшесі бар жад карталарына жазу мүмкін болмайды. Қойындыны құлпы ашылған қалпына сырғытыңыз.
- Жад картасын көрсетілген бағытта салыңыз, сырт еткен дыбыс шығуы керек.
- Жад картасын шығару үшін, оны сырты еткен дыбыс естілгенше басып, содан соң жайлап төмен түсіріңіз.

4 Қақпақты жабыңыз.


- Қақпағын түсіріңіз де (1), төмен басып тұрып жабық күйге бекітілгенше ысырыңыз (2).
- Егер қақпақ жабылмаса, батарея бумасын 2-қадамдағы оң жағымен қартатып салғаныңызға көз жеткізіңіз.

Күнді және уақытты орнату



1 Камераны қосыңыз.


- ON/OFF түймесін басыңыз.
- [Дата/Время/Күн/Уақыт] экраны пайда болады.



2 Күн мен уақытты орнатыңыз.

- Параметрді таңдау үшін <◀><▶> түймелерін басыңыз.
- <▲><▼> түймелерімен күнді және уақытты орнатыңыз.
- Аяқтаған кезде, <FUNC SET> түймесін басыңыз.





3 Жергілікті уақыт белдеуін орнатыңыз.

- Жергілікті уақыт белдеуін таңдау үшін <◀><▶> түймелерін басыңыз.
- Аяқтаған кезде, <FUNC SET> түймесін басыңыз. Растау хабарламасы шыққаннан кейін параметрлерді орнату экраны көрсетілмейді.
- Камераны өшіру үшін, ON/OFF түймесін басыңыз.

■ Күнді және уақытты өзгерту

Орнатылғаннан кейін күн мен уақытты өзгерту үшін, келесі амалдарды орындаңыз.

- 1 <MENU> түймесін басыңыз.
- 2 Масштабтау тетігін жылжытып [Y↑] қойындысын таңдаңыз.
- 3 <▲><▼> түймелерімен [Дата/Время/Күн/Уақыт] тармағын таңдап, <FUNC SET> түймесін басыңыз.
- 4 Параметрлерді реттеу үшін «Күнді және уақытты орнату» бөліміндегі 2-қадамды орындаңыз.
- 5 <MENU> түймесін басыңыз.


■ Дисплей тілі

Дисплей тілін қажетінше өзгертіңіз.



1 Көрсету режиміне өтіңіз.

- <▶> түймесін басыңыз.






2 Параметр экранына кіріңіз.

- <FUNC SET> түймесін басып тұрып, бірден <MENU> түймесін басыңыз.
- <▲><▼><◀><▶> түймелерін басу арқылы тілді таңдап, <FUNC SET> түймесін басыңыз.

Камераны сынап көру

Түсіру

Нақты қойылымдарға оңтайлы параметрлерді толық автоматты таңдау үшін камераға жай ғана объективті және түсіру жағдайларын анықтатыңыз.



1 Камераны қосып, [AUTO] режимін таңдаңыз.

- ON/OFF түймесін басыңыз.
- <▲> түймесін [AUTO] көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.


2 Кадрдың композициясын таңдаңыз.

- Экрандағы кескінді басқара отырып, нысанды үлкейту үшін масштабтау тетігін <[]> белгішесінің (телефото күйі) бағытында, ал нысанды кішірейту үшін тетікті <[]> белгішесінің (кең бұрышты қалып) бағытында жылжытыңыз.

3 Түсіріңіз.

Тұрақты суреттерді түсіру

- Ысырманы түсіру түймесін жай (жартылай) басыңыз (①).
- Фокусталып болған соң, камера екі дыбысты сигнал береді де, фокускә алынған кескіндеу аймақтарын көрсететін автофокусталу жақтаулары көрсетіледі. Ысырманы түсіру түймесін аяғына дейін басыңыз (②).



Бейне фильмдерді түсіру

- Түсіруді бастау үшін, бейнені түсіру түймесін басыңыз, тоқтату үшін осы түймені қайтадан басыңыз.

Көру



1 Көрсету режиміне өтіңіз.

- <▶> түймесін басыңыз.



2 Суреттерді ауыстырыңыз.

- Алдыңғы немесе келесі суреттерді көру үшін, <◀><▶> түймелерін басыңыз.
- Бейне фильмдер [SET▶] белгішесімен таңбаланады. Бейне фильмдерді ойнату үшін 3-қадамға өтіңіз.



3 Бейне фильмдерді ойнатыңыз.

- <FUNC/SET> түймесін басып, <▲><▼> түймелерімен [▶] белгішесін таңдаңыз, одан кейін <FUNC/SET> түймесін қайтадан басыңыз.
- Ойнату енді басталады, фильм аяқталған соң [SET▶] көрсетіледі.
- Дыбыс деңгейін реттеу үшін, <▲><▼> түймелерін басыңыз.

Кескіндерді жою

2-қадамда таңдалған кескінді жою үшін, төменде көрсетілген амалдарды орындаңыз. Жойылған кескіндерді қалпына келтіру мүмкін емес екенін есіңізде сақтаңыз.

1 <▲> түймесін басыңыз.

2 [Удалить?/Жою керек пе?] сұрауы шыққанда, <◀><▶> түймелерімен [Удалить/Жою] тармағын таңдаңыз да, содан кейін <FUNC/SET> түймесін басыңыз.

Шыққан жері: орам қорабын қараңыз.

Өндірілген күні: өнімнің жасалған күні орам қорабында көрсетілген.

ООО «Канон Ру»

Серебрянская набережная, 29, 8-й этаж, бизнес-центр «Серебряный город», Москва, 109028, Россия

Қазақстан үшін импорттаушы

«Байланыс апараты орам қорабында көрсетілген.»

Қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Қуат көзі	Батарея жинағы NB-11LH/NB-11L Ауыспалы ток адаптерінің жинағы ACK-DC90
Өлшемдер	IXUS 155 95,3 x 56,8 x 23,7 мм IXUS 150 IXUS 145 95,2 x 54,3 x 22,1 мм
Салмағы	IXUS 155 Шамамен 142 г (батарея жинағы мен жад картасын қоса) Шамамен 125 г (тек фотоаппарат корпусы) IXUS 150 Шамамен 130 г (батарея жинағы мен жад картасын қоса) Шамамен 115 г (тек фотоаппарат корпусы) IXUS 145 Шамамен 127 г (батарея жинағы мен жад картасын қоса) Шамамен 112 г (тек фотоаппарат корпусы)

АБАЙЛАҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ТҮРІ САЛЫНБАСА, АТЫЛУ ҚАУПІ БАР.
ҚОЛДАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАРДЫҢ
ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ТАСТАҢЫЗ.

CANON INC.

30-2, Shimomaruko 3-chome, Ohta-ku, Tokyo 146-8501, Japan

CANON EUROPA N.V.

Bovenkerkerweg 59, 1185 XB Amstelveen, The Netherlands

© CANON INC. 2014

ЕО-ДА БАСЫЛҒАН